

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№315

2015 жылғы 27 мамыр

«Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылға арналған жұмыс жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №271 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6 және 7 - баптарына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №271 шешімімен бекітілген, облыстық мәслихаттың 2015 жылға арналған жұмыс жоспарына мынадай толықтырулар енгізілсін:

облыстық мәслихаттың 2015 жылға арналған жұмыс жоспарында:

«Облыстық мәслихаттың сессияларында қаралатын мәселелер»

I Бөлімнің IV тоқсаны мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №234 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы».

«Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарында қаралатын мәселелер» II Бөлімнің «Заңдылық, құқық тәртібі және депутаттық этика жөніндегі тұрақты комиссия» 1 Тарауының IV тоқсаны мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №234 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы».

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

В. ЩЕГЕЛЬСКИЙ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА